

**2012 жылы жасы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру  
учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы N 06 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 07 ақпанда N 5-6-154 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 мамырдағы N 248 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2012.05.02 N 248 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына сәйкес Аягөз ауданының әкімі **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. 2012 жылғы қаңтар-наурызда 2012 жылы жасы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды тіркеуді өткізу «Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қабанбай батыр атындағы көшесі № 44 мекен-жайы бойынша шақыру учаскесінде ұйымдастырылсын.

2. «Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тіркеуді уақытылы және сапалы өткізу мақсатында шақыру учаскесін дайындау және заңнамамен белгіленген шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. «Аудандық медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына жасөспірімдерді сапалы медициналық куәландыру үшін дәрігер-мамандар мен орта медициналық қызметкерлерінің қажетті санымен **қ а м т а м а с ы з е т у ұ с ы н ы л с ы н .**

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **С . Ы с қ а қ о в қ а жү к т е л с і н .**

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аягөз ауданының әкімі*

*Ә. Мұхтарханов*

*Келісілді:*

*Аягөз қаласының қорғаныс істері  
жөніндегі біріккен бөлімі,  
М. Жақашев  
18 . 01 . 2012 ж .*

*Аягөз аудандық медициналық  
Ж. Жұмаханов  
18 . 01 . 2012 ж .*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК